

Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында гидротехникалық құрылыстардың желілерін салу және реконструкциялау жөніндегі кешенді жоспардың жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 18 шілдедегі № 110-ө өкімі

Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында гидротехникалық құрылыстардың желілерін салу және реконструкциялау жөніндегі кешенді жоспардың жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

С а ғ ы н т а е в Бақытжан Әбдірұлы	–	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, жетекші
Н ы с а н б а е в Ерлан Нұралыұлы	–	Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі, жетекшінің орынбасары
К о в а л ь Игорь Александрович	–	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғи ресурстар департаментінің директоры, хатшы
С а р ы б а й Қайрат Шораұлы	–	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
Ө с к е н б а е в Қайырбек Айтбайұлы	–	Қазақстан Республикасының Өңірлік даму бірінші вице-министрі
Ж а қ с ы л ы қ о в Тимур Мекешұлы	–	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
С м а й ы л о в Жанболат Амангелдіұлы	–	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Т о л ы б а е в Марат Еркінұлы	–	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Ж а қ с а л и е в Бақытжан Мұхамбетқалиұлы	–	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі
Ш а х а н о в Бейбіт Маратханұлы	–	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары комитеті төрағасының міндетін атқарушы
Ж о л д а с б а е в Мұратбай Сматайұлы	–	Жамбыл облысы әкімінің орынбасары
Н ұ р т а е в Рзақұл Сәденұлы	–	Қызылорда облысы әкімінің орынбасары
Б е к т а е в Әли Әбдікәрімұлы	–	Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
Р я б ц е в Анатолий Дмитриевич	–	«Казгипроводхоз институты» өндірістік кооперативінің директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2013 жылғы 24 шілдеге дейінгі мерзімде Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында гидротехникалық құрылыстардың желілерін салу және реконструкциялау жөніндегі кешенді жоспардың жобасы бойынша ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов